

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ

Адасова А.Ш .

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м., оқытушы Муратова М.Б.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
adasovaaigerim@gmail.com

Әрбір халықтың жеке халық болып қалыптасуы үшін көптеген тарихи кезеңдерді басынан өткізуіне тура келеді. Бұл күрделі процесс бір немесе екі ғасырдың ішінде болмайды, халық болу үшін бірнеше ғасырларды керек етеді. Қазақ халқы да сол сияқты, халықтар қалыптасу заңдылықтары негізінде жүзеге асты. Мәселен, жерінде халық болып құрылу процесі ежелі тарихты қамтиды, алғашқы қауымдық құрылыс ыдырап, одан кейін қола дәуірі мен (б.д.д. II—I м.ж. кезеңі) темір дәуірі (б.д.д. VII-IVғғ.) кезеңдерінен немесе бұл кезде өмір сүрген ру-тайпалардың өсіп-өркендеуінен басталады. Олар негізінен Қазақстанның ұланғайыр территориясын ежелден мекендеген байырғы (автохонды) тайпалар мен тайпалар бірлестіктерінен құралған. Орта Азия мен Қазақстанның ерте дәуірдегі кезеңдерін зерттеп жүрген ғалымдардың пікірлеріне қарағанда, біздің жерімізде қола дәуірі (Андронов, Беғазы-Дәндібай мәдениеттері) мен темір дәуірінде өмір сүрген тайпалардың (сақ, сармат т.б.) иран тілдес болғандығы айтылады. Сондай-ақ, ғалымдардың көрсетуінше бұл кездегі тайпалар антропологиялық жағынан монголоидтық белгілері бар европоидтік нәсілдер екендігі көрсетіледі. Қазақ халқының бастауы болып табылатын, керек болса, сақ тайпаларының тікелей жалғасы болып үйсін, қаңлы тайпалары саналады. Оны Қытай деректері «өзі сары, көзі көк, ат жақты сә/сақ тайпалары үйсіндердің арасында жүр» — деп көрсетеді. Бұл сақтардың жалғасы үйсіндер екендігіне ешбір талас тудырмайды. Қазақ халқының шыққан тегі туралы көптеген аспектілері ішінен өзекті ретінде лингвистикалық және антропологиялық мәселелерін бөлшектеп алған жөн [3, 93 б.].

Орта ғасырдағы Қазақстан аймағында қазақ мемлекеттігінің қалыптасуы мен дамуының қазақ халқының құралуы мен топтасуында, қазақ этносы дамуының ұзақ жолында, әсіресе оның соңғы кезеңінде, XV-XVII ғасырларда этностың тұтастығын сақтауда аса зор маңызы болды [4, 320 б.].

Б.з.б. I ғасырда Солтүстік ғұндардың құрамына кірген көптеген түркі тілдес тайпалардың бір бөлігі Орталық Азиядан қолан отырды. Ғұндардың Қазақстанға өтуінің екінші толқыны Тянь-Шань арқылы өтіп, Қаңлы тайпалық бірлестігімен көрші б.з. 2-ші ғасырдың бірінші жартысында орын алды. Бұл кезде Солтүстік ғұндардың толып жатқан тайпалары Шығыс Қазақстан мен Жетісуға қоныс аударып, VI ғасырға дейін өмір сүрген Юэбань мемлекетін құрды. Этно мәдениеттік жағдайда түркі тілінің ары дамып жайылған аймақтарда сол сияқты сыртқы Моңғол түрінің белгілі әсері де көбейді. Сөйтіп, үйсіндер мен қаңлылардың моңғолоидтық нәсілге өтуі басталды. Бұл процесс тарихи деректерге қарағанда б.з.б V ғасырларын қамтиды, мұның өзі жергілікті жұрттың кескін кейпіне, оның тіліне белгілі дәрежеде әсер еткені даусыз. Оның үстіне бұл тайпалық одақтардың қоныстарына жүргізілген археологиялық зерттеулер олардың әдет-ғұрып, салт-санасында, діни-наным сенімдерінде бірін-бірі қайталайтын ұқсастық қасиеттерінің барлығын байқатады [3, 94 б.].

Қазақ хандығының пайда болуы Шығыс Дешті Қыпшақтың, Жетісу мен Түркістанның кең-байтақ аумағындағы әлеуметтік-экономикалық процестердің заңды қорытындысы болды. Аралас экономикалық, көшпелі мал шаруашылығы мен отырықшы-егіншілік, қала шаруашылығы қалыптасқан өлкелердің табиғи интеграциясы негізінде XIV-XV ғасырда тұтас экономикалық ауданның құрылуы аймақтың бүкіл жерінің бір саяси құрылымға бірігуіне қолайлы жағдай әзірледі. Аймақтың көшпелі және отырықшы халқының экономикалық, мәдени, қоғамдық-саяси байланыстарының нығаюы қазақ рулары мен

тайпаларының этникалық жағынан бірігуіне, халықтың ұзаққа созылған қалыптасу процесінің іс жүзінде аяқталуына себепші болды. Өз кезеңінде Ақ Орда, Моғолстан, Әбілхайыр хандығы, Ноғай Ордасы шеңберінде жергілікті этникалық негізде мелекеттің даму тәжірибесі қалыптасып жатқан біртұтас халықтың саяси жағынан бірігу қажет екенін түсінуіне жәрдемдесті [4, 320 б.].

Қазақ халқының қалыптасуына ықпал еткен екінші мемлекет- ол оңтүстік, оңтүстік-шығыс Қазақстанда өмір сүрген Қарахан феодалдық мемлекеті. Бұл мемлекеттің негінде халық болып қалыптасу пісіп-жетіліп, қалалық өмір өркендеп, отырықшылық жанданып, колөнер дамып, көрші жатқан елдермен сауда қатынасы артып, жалпы мәдени-экономикалық дамуы өскен. Бұл мемлекетте қарлұқтардың ықпалы күшті болды. Қарахан мемлекетінде феодалдық қатынастар түрі қоғамның баолық саласын қамтиды. Шығыстан моңғол тектес көшпелі халықтардың жасаған шапқыншылығы Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның қалыптасқан этникалық жайына оншалықты өзгеріс жасай алған жоқ. Дегенмен, Алтай жақтан ығыса келіп өздерінің мемлекеттік бірлестіктерін құрған наймандар мен керейлер Қарахан мемлекетінің этникалық құрамына елеулі әсерін тигізді. Кейін Найман мен Керей тайпаларының атауы сол күйінде қазақтың генеологиялық құрылымына енді [3, 95 б.].

Саяси бытыраңқылық Әбілхайыр билігі тұсында шарықтау шегіне жетті. Ол Ақ Орда билігін алу үшін 20 жылға жуық күрес жүргізген. Қазақ хандығының дербес мемлекет болып қалыптасуына түрткі болған алғышарттар:

Әбілхайыр хандығындағы тоқтаусыз соғыстар.

Ішкі феодалдық қырқыстардың үдеуі.

Феодалдық езгі мен қанау.

Халықтың ауыр күйзеліске ұшырауы.

Қазақ хандығы көшпелі ақсүйектер басымдығы артқан Әбілхайыр хандығы мен Моғолстанның ішкі саяси қақтығыстарының нәтижесінде құрылды. Шығыс Дешті-Қыпшақ пен Жетісуда тұратын ру, тайпа көсемдері саяси тәуелсіздікке ұмтылып, Әбілхайыр мен Есен-Бұғаның билігіне мойынсұнбады. Сондықтан, XV ғасырдың 40-50-жылдары олар Керей мен Жәнібектің маңына : Қаратау, Сырдария, Түркістанның солтүстігіне топтаса бастады. 1446 жылы Әбілхайыр Созақ, Сығанақ, Аркөк, Үзгент, Аққорған қалаларын басып алғаннан кейін ұлыстар арасындағы тартыс күшейе түсті. XV ғ. 20-ж. бастап ойраттар Жетісуды жиі шабуылдай бастады.

Жайылым қажеттілігі. Сауда орталықтарына ұмтылу. XV ғ. 50-жылдары - ойраттар Түркістан аймағына жетті. 1457 жыл – Әбілхайыр ханның ойраттардан жеңілуі қазақ ру, тайпаларының Керей мен Жәнібектің төңірегіне тығызырақ топтасуын тездетті. Әбілхайыр ханның билігіне наразылық жаппай көшу тасқынын туғызды. XV ғасырдың 50-жылдарынан бастап 10 жыл бойы осы тасқын толастамады. Халық Жетісудың батысына Моғолстанға қарай көшті. Қазақтардың бір мемлекетке бірігу қозғалысы осылайша басталды.

Жәнібек пен Керей сұлтандар қазақтардың саяси тұрғыдан бірігуіне, қазақ хандығының құрылуына негіз қалады [1, 266 б.].

М.Х.Дулати: «Ол кезде Дешті Қыпшақты Әбілхайыр биледі. Ол Жошы әулетінен шыққан сұлтандарға күн көрсетеді. Нәтижесінде Керей, Жәнібек сұлтандар Моғолстанға көшіп барды. Олардың маңына жиналғандардың саны 200 мыңға жетті» [2, 221 б.].

Қазақ мемлекеті құрылуының объективті себептері мен шарттары осы жағдайлар болды. Ірі этникалық-әлеуметтік қауымдастықтың өзінің біртұтас әлеуметтік-аумақтық мемлекеттік ұйымын құруға ұмтылуы соңғы уақытқа – ұлттардың құрылу кезіне ғана емес, Орталық Азия аймағының қазіргі халықтары қалыптасқан орта ғасырларға да тән. Мемлекеттің этникалық қауымдастықты айқындайтын көптеген элементтерді – тіл, материалдық мәдениет, Тұрмыс, тарихи зерде, халықтың ғұрпы, ойлау салты элементтерін қайта жанғыртуда, оны дамыту мен этникалық аумағын қорғауда жетекші рөл атқаратыны

белгілі. Жоғарыда көрсетілгеніндей, XIV-XV ғасырлар соңғы орта ғасырлардағы Қазақстан өмірінде ерекше маңызды кезең болды. Бұл қазақ халқының құрылуы, оның мемлекеттігінің, этникалық аумағының негізгі нобайларының қалыптасуы аяқталған кез еді. Жоғарыда монғолдар жаулап алғаннан кейінгі алғашқы онжылдықтардағы күйзелістің орнына келген шаруашылықтың қайта өрлеу фактілері атап өтілді. Әлеуметтік-экономикалық қатынастардың даму саласында өзгерістер орын алды. Монғолдардан кейінгі уақытта жоғарыда айтылған мемлекеттерде азды-көпті тұрақты шаруашылық жағдайларының байланыстардың пәрменділігі барған сайын кеми берді, әмірлердің, байлардың, билердің, мұсылман қалпына келтірілуі, Орта Азияда, Иранда, Кавказ сыртында, орыс жерлерінде болғаны сияқты, Қазақстанда да қоғамдық қатынастардың үдемелі түрде ілгері басуын қамтамасыз етті. Қазақстанның бүкіл аумағында, әсіресе оңтүстік аудандарда әлеуметтік қатынастардың рулық- тайпалық белгілері мен рулық бұқара жөніндегі саясаты барған сайын өктем бола түсті. Ақ Орда мен басқа да аталған мемлекеттердегі әлеуметтік экономикалық қатынастар проблемаларын әлі де жете зерттеу тура келеді, дегенмен қоғамдық қатынастардың, хандардың, сұлтан дінбасыларының еңбекші дамыған аудандарда патриархаттық-рулық шеңберден біртіндеп арылуы мағынасында алғанда, ол қатынастардың дамуындағы кейбір ілгері басушылық туралы қазірде қорытынды жасауға болады [4, 320 б.].

Көшіп келген қазақ руларына Моғолстан ханы Есен-Бұға Шу мен Талас бойынан жер берді. Есен-Бұғаның мақсаты:

- Әбілхайыр мен Темір әулетіне қарсы қазақтардың күшін пайдалану;
- Ойраттар шабуылынан Моғолстан шекараларын қорғау.

Ұлттық мемлекеттің құрылу қарсаңындағы Қазақстандағы саяси жағдайына келсек, XV ғасырда орта кезінде қазақ жерінің батысында Ноғай Ордасы Жетісу аймағында Моғол хандығы, Сыр бойы, Орталық Қазақстанда Әбілқайыр хандығы сияқты хандықтар өмір сүрген. Олар жер үшін және билік үшін бір-бірімен соғысып жатты. Бұған қосымша Әмір Темірдің ұрпақтары қазақ жеріне шабуылдар жасап саяси жағдай мүлде нашарлаған. Қазақ хандарының бастауы болған Ақ Орданың ханы Барақ Тоқтамыс ханның бес ұлының бірінен соң бірімен алысып жатты. Осы кезде 1428ж. Барақ ханның белгісіз жағдайда қаза болуы Ақ Орданың саяси жағдайын мүлде әлсіретеді. Сыр бойынан Батыс Сібірге дейінгі аралықта бес ұлыс пайда болды. Олар бас-басына хандық құрып өзін-өзі билеушілік туады. Бұлардың арасындағы жер үшін талас ел арасындағы араздықты туғызып бей-берекетсіздік өршіді. Сөйтіп, мұндай саяси бытыраңқылық біртұтас ұлттық мемлекеттің қажет екендігін көрсетеді. Қазақ жеріндегі саяси бытыраңқылық әсіресе Әбілқайырдың хандық өкіметінің кезінен бастап, өзінің шарықтау шегіне жетеді. Тарихи деректерге қарағанда Әбілқайыр хан Ақ орда билігін өз қолына алу үшін 20 жылға жуық күрес жүргізген. Ал Ақ Орданың мұрагерлері Орыс хан мен Барақ ханның ұрпақтары Керей мен Жәнібек сұлтандар Әбілқайырдың билігін ешбір мойындамаған. Бұлардың алдарына қойған басты мақсаттары өздерінің жеке ұлттық мемлекеттерін құру еді. Міне, Қазақ хандығының құрылу қарсаңындағы саяси жағдай осындай бытыраңқы, аумалы-төкпелі болған [1, 266 б.].

Ақ Орданың билеушісі Жошыдан тараған сұлтандар мен көшпелі тайпалар ретке келтіру жөнінде бірқатар шаралар қолданылды. Бұл көшіп-қонудың ежелден қалыптасқан жолдарын ескере отырып, жайылымдық және егістік учаскелерді иелену және пайдалану құқығымен жүзеге асырылса да, көп жағынан алғанда дәстүрлі жер пайдалануды бұзбай қойған жоқ, өйткені сыйға тартылған сойырғалдардың өзге тайпалар көсемдерінің қолына түсуі жиі кездесетін еді. Қоғамдық қатынастар жүйесінің одан әрі дамуы, Моғолстандағы сияқты, Ақ Ордада, сонан соң Әбілқайыр хандығында малды ғана емес, жерді де меншіктенудің нығайтылуынан көрінді. Мұны жайылым үшін барған сайын өрістей түскен күрес те растайды, бұған Әбілқайыр ханның Өзбек хандығындағы сияқты, аталған мемлекеттердің де тарихы жөніндегі жазбаша деректемелерде дәлелдер бар. Өз мемлекеттігінің құрылуына байланысты көшпелі шожарлардың экономикалық және саяси

күш-қуаты арта түсті. Қазақстанның оңтүстігінде қалалардың дамуы және қала халқын осы мемлекеттердің билеушілері мен қалаларды үлес-сойырғалға алған көшпелі шонжарлардың қанау мүмкіндіктерінің артуы, сондай-ақ мал санының көбеюі, жайылымдық жердің кеңеюі — осының бәрі шонжарлардың күш-қуаты артуы және қатардағы көшпелілердің, егіншілер мен қала тұрғындарының әлеуметтік жағынан саралануының өсуі үшін жаңа мүмкіндіктерді айқындап берді. Моғолстандағы сияқты, Ақ Ордада да қоғамдық қатынастардың одан әрі дамуы туғызған осы құбылыстардың бәрі рулық және тайпалық байланыстарды барған сайын үзе түсіп, жекелеген этникалық топтардың этникалық жағынан араласуына, халық ретінде қалыптасудың жеделдеуіне жеткізді [5, 986 б.].

Қазақ халқының тарихында қазақ ұлттық мемлекетінің құрылуының тарихи маңызы орасан зор болды. Қазақ халқының халық болып қалыптасуына негізгі этникалық арқау болған ежелгі сақ, үйсін, қаңлы, т.б. түркі тілдес тайпалар мыңдаған ауыр жылдарды бастарынан өткізді. Олар бірде қосылып, бірде шапқыншылықтың әсерінен бір-бірінен ажырап, талай тарихи тауқыметтің ауыр зардаптарын бастарынан өткізді. Қандай алапат ауыр жылдар болса да, келешек қазақ халқының этникалық құрамы арқандаған ат секілді, кең – байтақ жерінің бірде терістігін, бірде шығысын, бірде түстігін паналап, ұлттық мемлекеттік дәрежеге жеткенше, атамекенін тастап басқа жаққа ауып кетпеді. Соның арқасында бүгінгі таңда кең-байтақ жеріне ие болып, Қазақтың ұлттық мемлекеті болып, дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы ел санатына қосылып отыр. Біріншіден, әр хандықтың билігінде ел болуды аңсап жүрген, ру-тайпалардың қазақ ұлты болып қалыптасуының аяқталуы. (Оған дәлел Жәнібек пен Керейдің төңірегіне топтасушылық). Екіншіден, осы қалыптасқан ұлтты бастау, басқару, оны сырт жаудан қорғау үшін ұлттық қазақ мемлекетінің құрылуы. Үшіншіден, бұл құрылған мемлекет өзінің шаңырақ көтерген жерінде отырып қалмай, туының астына біріккен қазақы тайпалардың жерлерін өздеріне қосуға әрекет жасап, бүгінгі таңдағы шекарамызға дейін жер аумағын кеңейтуі. Төртіншіден, өзін қоршап жатқан үлкенді-кішілі мемлекеттермен терезесі тең дәрежеде қарым-қатынас жасауы. Бесіншіден, ұлттық мемлекет дәрежесіне, әлеуметтік-экономикалық және мәдени жағынан өзінің салты, әдет-ғұрпы, ділі, діні бар ел санатында даму жолына түскен азат еркін ел болуы. Міне, XV ғасырдың ортасында құрылған қазақ мемлекеті өзінің халқына осы жоғарыда көрсетілген тарихи маңызы аса зор мәселелерді алып берген.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 Жолдасбайұлы С. Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақ елінің тарихы. - Алматы, 2010. –470 б.
- 2 Мухаммед Хайдар Дулати. Тарих –и Рашиди.- 1996. – 480 б.
- 3 Жұмақаева Б.Д. Қазақстан тарихы. - Алматы, -2010. – 308 б.
- 4 Қазақстан тарихы. Бес томдық. 2-том. - Алматы, 2010. – 640 б.
- 5 Құлбек Е. Қазақ хандығы. - Алматы, 2015. – 424 б.